

Ерейментау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № а-9/302 "Ерейментау ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № а-7/210 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 7962 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңдарына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ерейментау ауданы әкімдігінің "Ерейментау ауданының аудандық маңызы бар жылпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" 2017 жылғы 26 қыркүйегіндегі № а-9/302 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6113 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 14 қазанда жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Х. Кабдулловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

А.Альжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақмола облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Ерейментау ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 14 шілдедегі
№ а-7/210 қаулысына
қосымша

Ерейментау ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "26" қыркүйектегі
№ а-9/302 қаулысымен
бекітілді

Ерейментау ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/р	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	КС-ЕР-1	Күншалған ауылына кіреберіс жол	3
2	КС-ЕР-2	Бестоғай ауылына кіреберіс жол	4
3	КС-ЕР-3	Байсары ауылы – Сілеті ауылы автомобиль жолдарының Жаңажол ауылының кіреберісіне	28
4	КС-ЕР-4	Сілеті ауылы – Бестөбе кенті	34
5	КС-ЕР-5	Ақмырза ауылына кіреберіс жол	6
6	КС-ЕР-6	Торғай ауылына кіреберіс жол	11
7	КС-ЕР-7	Қойтас ауылына кіреберіс жол	18
8	КС-ЕР-8	Бозтал ауылына кіреберіс жол	20
9	КС-ЕР-9	Қызылту ауылына кіреберіс жол	4
10	КС-ЕР-10	Ақмырза ауылы – Жолбасшы ауылы – Еркіншілік ауылы	38
11	КС-ЕР-11	Еңбек ауылына кіреберіс жол	3
12	КС-ЕР-12	Қойтас ауылы – Ажы ауылы	4
13	КС-ЕР-13	Күншалған – Шәкей ауылы	5
14	КС-ЕР-14	Күншалған ауылы – Кардон жайылым жер учаскесі	1,5
15	КС-ЕР-15	Кенөткел жайылым жер учаскесіне кіреберіс жол	1,5
16	КС-ЕР-16	Олжабай батыр атындағы ауылы – Алғабас ауылы	32
17	КС-ЕР-17	Малтабар ауылына кіреберіс жол	2
18	КС-ЕР-18	Тайбай ауылы – Елтай ауылы – Жарық ауылы	15
19	КС-ЕР-19	Қарағайлы ауылына кіреберіс жол	2
20	КС-ЕР-20	Балықты ауылына кіреберіс жол	12
21	КС-ЕР-21	Еркіншілік ауылы – Қыркыншы станциясы 58 шақырымнан бастап 90 шақырымға дейін	32
		Барлығы	276